

## БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

## «Жүзден жүйрік»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.11.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/20556/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Чукенова Бахиткуль Усембаевна**

Мақсаты: оқушылардың таным процестерін, тіл байлығын, шешендігін дамыту; әр оқушыны еркін ұстауға, ойларын жеңіл, еркін жеткізуге жаттықтыру, оқушының рухани дүниесін жетілдіру.

**Бүгінгі білім-ертеңгі байлығымыз. Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман.**

**Кім білімді, өнерпаз білейікші**

**Оқушылар алғыр деп жүрейікші**

**Әділқазылар алқасына тек әділдік**

**Сайыскерлерге сәттілік тілейікші.**

Ендеше ортаға білімді оқушыларды шақырамыз.

**Ғылымның сырын ұғына.**

**Шығындар білім шыңына,**

**Ұқыптылық пен зеректік,**

**Серігің болсын бойында,**

**Қадамдардың оң болсын,**

**Сәт сапар, сайыс жолында!**

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» деген сөз бар, ендеше, «жүзден жүйрік мыңнан тұлпарды» анықтау үшін байқауымызды бастайық.

### 1 кезең Ұшқыр ой

-«Қадақ» сөзі қандай мағынада қолданылады? **Салмақ**

-Жалғыз өркешті мал. **Нар**

-Жылдан құр қалған жануар. **Түйе**

-Аққудың балапаны қалай аталады? **Көгілдір**

-Парижде ән салған қазақ әншісі? **Әміре Қашаубаев**

-Көзге көрінбейтін зиянды зат? **Микроб**

-Темекінің құрамындағы улы зат? **Никотин**

-Көне заттарды сақтайтын орын? **Мұражай**

-«Бөтен» сөзінің синонимы. **Жат**

-Шахмат жарысының әрбір кезеңі. **Тур**

### 2 кезең Қызықты жұмбақ

-Ысқырығы жер жаратын адамның айдаған малы. **Бес ешкі**

-Жылы-жылы сөйлесен, ол інінен шығады. **Жылан**

-Ол қылыштан да өткір. **Тіл**

-Оны жасырсаң өлесің. **Ауру**

-Қойға қасқыр шапса, ол семіреді? **Ит**

— Ол ұялғаннан өтеді. **Пышақ**

-Ыстықтан ет күйеді,

Ұяттан күйеді. Не? **Бет**

### 3 кезең Тапқырлық

**Ойшыл болса қай бала, тез табады сол ғана**

**Кане ойланып көрейік, тебіреніп сәл ғана.**

М.Мақатаевтың өлеңі

Мен оның түнін сүйем,.....сүйем ( күнін)

Ағынды өзен,асқар тау, .....сүйем (гүлін)

Мен оның қасиетті.....сүйем (тілін)

Мен оның құдіретті .....сүйем (үнін)

#### **4 кезең Киелі сандар**

**3 қуат:** ақыл,жүрек, тіл

**3 арсыз:**ұйқы, тамақ, күлкі

**4 тұлға:** от,су,жел,жер

**5 қару:** садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта

**7 жұт:** құрғақшылық, жұт, өрт,оба, соғыс, топан су, зілзала

#### **5 кезең Сөздің көркі-мақал**

**Ер-ез** Ер бір рет өледі,ез мың рет өледі.

**Ас-көлік** Ас-ішерде керек,көлік көшерде керек.

**Базар-қазар** Барымен базар, жоқты қайдан қазар.

**Құлақ-тұяқ** Сөз анасы-құлақ,жол анасы-тұяқ

**Сиыр-бұзау** Сиыр су ішкенде, бұзау мұз жалайды.

**Жал-мал** Аттың көркі-жал, адам көркі-мал.

**Тентек-ақыл** Тентектің ақылы түстен кейін кіреді.

**Мысық-тышқан** Мысыққа ойын керек,тышқанға өлім керек.

#### **6 кезең Өнерпаз болсаң,арқалан!**

Сезімді ыммен көрсету: қуану, таң қалу, қобалжу, күдіктену, реніш, кінәні сезіну.

#### **7 кезең Мықты болсаң, тауып көр**

**Темекінің 3 пайдасы бар:**

- 1.Темекі шеккен адам қартаймайды- яғни ұзақ өмір сүрмейді
- 2.Оны ит қаппайды-таяқ ұстап еңкейіп жүрген соң.
- 3.Үйіне ұры түспейді-өйткені ол күні-түні күркілдеп жөтеліп жатады

Өмір сүру үшін **су, от,тұз, қыз, ақыл** керек екен деп бір қарт адам айтыпты. Ең

маңыздысы қайсы?

Су тіршіліктің нәрін береді

От өмірдің сәнін береді

Тұз астын дәмін келтіреді

Қыз көңілдің сәнін келтіреді

Ақыл өмірдің мәнін береді.

### **8 кезең «Тіл өнері»**

Біреуінің жүрегінің түгі бар,

Біреуінің арқалап жүрген жүгі бар.

Бәрінен де ең бастысы-барлығының,

Қатты істейтін миы бар.

(берілген тұрақты тіркестер қай сезімді білдіреді)

1.Екі құлағы екі езуіне жету-**қуану**

2.Төбе шашы тік тұру-**қорқу**

3.Бармағын тістеді-**өкіну**

4.Жағасын ұстау-**таңдану**

5.Жер болу-**ұялу**

6.Тісін қайрау-**ыза болу**

7.Атарға оғы жоқ-**ашу**

### **9 кезең «Кім зерек»**

қасиеттерді анықта

1.Ақ саусақ-жалқау

2.Кескен жерінен қан шықпас-ұятсыз

3.Қой ауызынан шөп алмас-момын

- 3.Іші тар-сараң
- 4.Қолы ашық-жомарт
- 5.Тонына сыймау-мақтаншақ
- 6.Салқын қанды-байсалды
- 7.Жүрегінің түгі бар-батыл
- 8.Қылышынан қан таму-қатыгез
- 9.Тойған қозыдай-жуас

### **10 кезең Қорытынды**

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.